

Қазіргі оқу – тәрбие жұмысын жан – жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан әдет – ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, тұрмыс – салтына, өнерге үйрете отырып, баулу.

«Бұрымды қыз»

Қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Әсіресе қыз баланың көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөліп, «Алтын көркі-жалы, қыздың көркі-шашы» деп қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Қазақ халқының жырларында қазақ қыздарының шаштарының керемет суреттеген: «Шашының ұзындығы ізін басқан», «Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты».



Жылына екі мәрте «Киіз басу» науқанын жасайтын ауыл қазақтары үшін бұл кәдімгі тойдан кем түспейтін үлкен дайындықпен өтеді. Бұл науқанның қызығын ауылда өскен өзіміз де бала күннен көріп өстік. Киіз басып жатқан апа-әжелеріміздің әрбір әрекетін қалт жібермей қарап тұратынбыз. Ойын баласы үшін ол да бір үлкен қызық қой.

«**Келіншек**» күйінің сүйемелдеуімен аналарымыз қимыл — қозғалыс арқылы киіз басу элементтерін орындауда.



Қазақ халқы түрлі тілдес халықтары арасында түрлі ою-өрнекке бай халық болып есептеледі. Ата-бабаларымыз ежелден ұлттық нақыштағы оюларды киім, үй жиһаздары, ат әбзелдері, күнделікті тұрмысқа қажет ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар және т.б. пайдаланған. Бір қуанарлығы, олардың бірқатары қазіргі күндерге дейін жеткен. **«Қазақша оюды қимыл-қозғалыс арқылы жасай отырып»** музыкалық сергіту сәті.



**“Қазақша оюларды
қимылмен жаса”**

Шаңырақ – киіз үйдің ең жоғары әрі маңызды бөлігі, күмбез тәрізді дөңгелек шеңбер. Шаңырақ керегеге байланған уықтардың ұшын біріктіріп ұстап тұрады. Шаңырақ киіз үйге жарық түсіріп, пештің түтінің сыртқа шығарады. Қазақтың ұлттық құндылықтарын пайдалана отырып түрлі түрлі ойындар ұйымдастыруға болады.



«Көңілді оркестр»



Музыкалық тәрбие ұғымы қоғамдық кұбылыс ретінде кең және тар мағынасында қолданылады.

Кең мағынасы дегеніміз ол музыкалық іс-әрекетте жинақталған тәжірибені педагогикалық ықпал ету негізінде кейінгі ұрпаққа меңгерту, жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ал түрлі деңгейде музыкалық тәрбие беру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекетті білдіретін ол тар мағына болып саналады. Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады.